

Темір аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 193 "Темір ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 446 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 наурызда № 6894 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Темір аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 193 "Темір ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-10-178 тіркелген, 2018 жылғы 2 сәуірде "Темір" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Б. Отарбаев

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов